



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№12

(844)

26 наурыз

2021 жыл

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

ӘЗ КЕЛДІ, НАУРЫЗ КЕЛДІ!



ӨЗ ОЙЫМ

ҚЫСАСТЫҚ

«Шымкент әкімдігі Наурызға 565 миллион теңге бөліпті» деген алыпқашпа әңгіме әлемжеліні жарып тұр. Біреулер мұны шамалы азайтып 322 миллион теңгеге қысқартыпты. Ақшаның құлағы көрінген жерде сөздің қадірі бола ма? Жұрт та өлгі әңгімені сан-саққа жүгіртуде. Бірақ мәселенің мәніне үңілген ешкім көрінбейді. Сосын бұл әңгімені кім шығарып, кімдер таратып жүр? Оған да ешкім бас қатырып жатқан жоқ.



бойлап қарасаңыз, Наурызға мұндай қаржы бөлу қисынсыз сияқты. Жалпы соңғы жылдары қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, ұлттық мерекесіне қырын қарайтын, соған бөлінген тиын-тебенді санап, тырнақ астынан кір іздейтіндер көбейген. Неге?

(Жалғасы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Наурыз мейрамы қалай тойлануы керек? Григориан күнтізбесі бойынша 31 желтоқсанға әзірлік қазанның соңын ала, қараша туа басталып кететіні жасырын емес. Қазақ үшін қасиетті тұғыр – Тәуелсіздік күні 31 желтоқсанның көлеңкесінде қалып қоятыны тағы ақиқат.

Бесігімізді түзеу үшін ұлттық құндылықтың құнын қайта көтеруге тиіспіз. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында наурыз мейрамын 14 наурыз көрісу күнінен бастап, 23 наурыз – жоралғы күніне дейін он күн межеде мерекелеудің тұжырымдамасын жасауды ұсынған болатын. Парсы тілінен аударғанда жаңа күн деген мағына үстейтін ұлыс күнін өз биігіне қалай шығарамыз? Біз мұны белгілі этнограф, жазушы Болат Бопайұлынан сұрадық.

«Мен аяз ата мен ақшақарға айналатындарға қарап айтамын, сендерді 31 желтоқсанда, мені 22 наурызда іздейді халық. Әсіресе, журналистер өз Наурыз жақындағанда жамырай хабарласады. Аузым көпіріп, ұлық мереке туралы білгенімді айтамын, ақы алмаймын, ал аяз ата мен ақша қарлар ақшаға көміледі» деді өзілге теліп.

Болат БОПАЙҰЛЫ, этнограф:

ҰЛЫС КҮНІ – ҰЛТТЫҢ РУХЫН ОЯТАТЫН МЕРЕКЕ



Jas qazaq: Болат аға, сауалымызды наурыз мерекесін жалпыхалықтық мерекеге қалай айналдыра аламыз дегеннен бастасак. «Қазақта көрісу күні болмаған, амал мерекесі бар» деген пікір де қоғамда алабөтен талқыға түсіп келеді.

Б.Бопайұлы: 1930 жылдардағы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының жазған еңбектерінде де наурыз деген парсы тілінен аударғанда жана күн, жанару, жаңғыру дегенді білдіретіндігі жазылған.

Ислам ғылым халындағы рауаятта Нұх пайғамбардың кемесі біздің Қазығұрт тауында, енді бір аңызда Араб еліндегі Жидда тауына тоқтаған дейді. Топан суды Алланың әмірімен қара жер сіңіріп алған деседі. Сол сәттен бастап көктен жауған жаңбыр тиылып, жер бетінде жана өмір басталған дейді. Нұх пайғамбардың артынан ерген қауым үй орнындай Тайқазанға жеті түрлі дән салып, тілеу көже жасап, Аллаға жалбарынып, мейірім-шапағат тілеп, тәубесіне келген. Топан су басқанда балшық, тас, топырақ бітеп қалған бұлақ көздерін аршып, су арнасын тазалап, басқа да ізгі амалдар жасаған. Кемеде қалған бидайды үнемдеп пайдаланған дейді.

Jas qazaq: Қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков «Наурыз күні жұрттың бәрінің көңілі көтеріңкі, кездескен көрші-қоланға иіле сәлем беріп, игі ниетін білдіретін, бір-біріне пәле-жаладан аулақ болуды тілесетін. Жұрт жаңа да таза киінуге тырысатын.

(Жалғасы 3-бетте)

МӘРТЕБЕ

ЗАРИНАНЫҢ ЖЕҢІСІ

Жерлесіміз Зарина Дияс Майами турниріндегі бірінші айналымда америкалық теннисші Винус Уильямсті 6:2, 7:6 есебімен жеңді.

Көзінде әлемнің бірінші ракеткасы болған Винус бес рет «Уимблдонда», екі рет US Open-де, сондай-ақ WTA ақтық турнирінде жеңімпаз атанған. Төрт мәрте Олимпиада чемпионы.

Заринаның мұндай майталман теннисшіні еңсеруі – зор жетістік.

Табанды да еңбекқор теннисші Үлкен дулығына сөзсіз иемденеді әлі!



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
63,53

DOLLAR
422,7

EURO
501,3

РУБЛЬ
5,56



РЕФОРМА

Осы аптада Жер реформасы комиссиясының алғашқы отырысы өтті. Жиынға қатысқандар жер мәселесіне қатысты өзекті мәселелерді талқылап, өз ойларын ортаға салды.



ЖЕР ЖЕТЕДІ. БІРАҚ ДИҚАН мен МАЛШЫҒА ЖЕР ЖОҚ

Сенат депутаты Ақылбек Күрішбаев ауыл шаруашылығын дамыту тақырыбына тоқталды. «Қазір ел экономикасы негізінен жерасты пайдалы қазбалардың арқасында дамуда. Бірақ олар таусылатын, яғни жанартылмайтын табиғи ресурстар. Сондықтан болашақ ұрпағымызға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану қолжетімді болуы керек. Аграрлық бизнесін дамыту үшін олар жер иеленуші немесе латифундистерден сатып алмай, тікелей мемлекеттен алу мүмкіндігіне ие болуы қажет», — деді ол.

Сенатордың айтуынша, бүгінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жекеменшіктің болмауы аграрлық салаға инвестициялар тартудың басты тежегіші деген пікір үстем. Агрөонеркәсіп кешеніне инвестиция тарту жағынан еліміз әлемнің жетекші аграрлық елдерінен көп артта қалды. Мәселен, ауыл шаруашылығындағы шетелдік инвестиция көлемі Австралияда 1 гектар егістікке шаққанда 422 долларды, Канадала 80 долларды құрайды. Ал бізде 1 долларға да жетпейді. Шетелден инвестиция тартудың басты шарты ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығы мен жоғары рентабельділігі болып саналады. Бұл ең алдымен мемлекеттің тиімді аграрлық саясаты есебінен қалыптасады. «Басқаша айтқанда, егер біздің шаруашылықтарымыз шетелдік фермерлер сияқты ұзақ мерзімді және арзан несиemen, мемлекеттік қолдаудың тиімді шараларымен, субсидиялармен, жеңілдетілген сақтандыру үйісімен және ғылыми-технологиялық жетістіктермен қамтамасыз етілсе, біздің де аграрлық саламыз инвестициялық сұранысқа ие болар еді», — деді Ақылбек Күрішбаев.

Өз кезегінде ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров Жер кодексінің жекелеген баптарының қолданысына мораторий енгізілуіне байланысты атқарылатын жұмыстар туралы айтып берді.

«2016 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен Жер кодексінің жекелеген баптарының қолданысына мораторий енгізілген болатын. Бұл мораторий 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады», — деп еске салды министр.

«Шетелдіктерге қатысты мораторий нормаларына келсек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 25 ақпанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында бұл жөнінде түпкілікті саяси шешім қабылдады. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы

6 адамнан ғана келеді. Бірақ шынтуайтында ауылдағы дикандар мен малшыларға жер жетпей жатады. Алып жатқан жеріміз Антарктида емес, Сахара емес, тынайтуға, өңдеуге қолайлы алқаптар. Бірақ өзімізді ауыл шаруашылығы өнімдерімен

қамтамасыз ете алмай жатырмыз, оны мамандар, сарапшылар жақсы біледі. Меніңше, бұл — жер мәселесінің жақсы реттелмеуінің көрінісі, біздің талқылап отырғанымыз дәл осы мәселе», — деді.

Комиссия отырысында 10 сотық жер телімін беру мәселесі де сөз болды.

Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов бұл мәселенің жан-жақты қаралатынын жеткізді. «Инфрақұрылымның өзін жүргізу үшін орта есеппен 4 трлн теңгеден астам қаржы керек. Бұл бағыттағы жұмыстар бір күнде шешілетін мәселе емес», — деп түінделді ол.

17 жылдан бері асыл тұқымды мал өсірумен айналысып келе жатқан Алмасбек Садырбаев қожалық иелеріне жер берілу керек деп санайды: «Қаншама жастар қазір қалаға барып, базарда арба сүйретіп жүр. Себебі, ауылда жұмыс жоқ. Ал қожалық иелеріне жер берсе, малын өсіріп, тіршілігін жасайтын еді, кәсібін дамытатын еді. Бізде ұрпақ сабақтастығы деген жоқ. Мысалы, қожалық иесіне жер берілсе, ол малын, жерін, ертең ұрпағына береді. Мына ұлан-ғайыр жеріміз онда бос жатпайтын еді, игерілетін еді».

Асыл тұқымды қошқар мен қойдан бір мезетте 5-7 эмбрион алып, асыл тұқымды емес қойға салу арқылы уақыт үнемдеу мүмкіндігін, мал жаюдың тиімді әдісін елімізде алғашқылардың бірі болып игерген Алмасбек Садырбаев өзінде жер жоқ екенін айтады.

«Мен қойымды қазір біреуге бақтырып отырмын. Себебі менде жер жоқ. Әр қожалық иесіне 500 гектардан жер берсе, шаруашылық дамитын еді. Менде бастапқыда жер болды. Бірақ өте кішкентай. Балаларымның аузынан жырып салған қожалығымды тастап, кең жер іздеуге кеттім. Себебі малды сыйдыру керек. Бүгінде қойдың басы 3 мыңға жакындап қалды. Сондықтан ауыл шаруашылығын дамытамыз десек, шаруаларға жер беріп, қолдау керек», — деді Алмасбек Садырбаев.

«Олжа Агро» бас директоры Айдарбек Қожаназарұлы кәсіпкерлер жауапкершілікті өз мойнына алуды үйренуі қажет деген пікірде: «Жекеменшікке жер алған кәсіпкерлер қол құсырып отырмай, ел мен халықтың игілігі үшін жұмыс істеуі керектігін, жердің әлеуетін барынша ашу үшін аянбай тер төгу керек екенін жіті түсінуі тиіс. Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығы жерлерін берудің ең тиімді әрі пәрменді іс-шарасы — ұзақмерзімді жалға ұсыну. Себебі жерді пайдаланып жүрген фермерлер үшін оны ұзақ мерзімді жалға алу мен жекеменшікке алудың еш айырмашылығы жоқ».

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰



«ДЕМОКРАТИЯ ДӘРІСІ» – 2

Журналистерді қорғау комитеті дейтін ұйым мұхиттың арғы жағынан мәлімдеме жасапты. Мұны біздегі батысшыл акпарат құралдары бір-бірімен жарыса жариялады. Елімізде тілшілерді тіркеу және брифинг жұмысына қатысты екен. Қоғамдық ұйымға мұндай басқосуда модератор, яғни жүргізушінің болуы ұнамай қалыпты. Нақтырақ айтсақ, құжатқа қатысты өзгертулер журналистің қызметін шектейді-мыс. «Аттан» салып, «араша» сұрағандар да Батысқа бөтен емес. Әдеттегідей, шетелге арқа сүйеп, «сөз еркіндігін қорғаймыз» деушілер мен АҚШ билігі қаржыландыратын ақпарат құралының өкілі. Олардың «жанайқайына» құлақ асқан осы комитеттің Еуропа және Орталық Азия бойынша үйлестірушісі Гүлноза Саидтің үні тіпті өктем. Ол өзінің қоғамдық ұйымның қызметкері екенін ұмытып кетсе керек, құлды бір мемлекеттің ресми өкіліндей біздің өкімет «әлгі өзгертулерді дереу қайта қарауы тиіс» деген талап қояды.

Тілші қызметінен хабардар жан кез келген елдегі брифинг немесе баспасөз мәслихатында арнаулы модератор болатынын жақсы біледі. Әдетте, бұл міндетті баспасөз хатшысы немесе ресми өкіл өз мойнына алады. Сұрақ қою тәртібі мен уақытты да сол белгілейді. Ақ үйдегі брифингте бұрынғы президент Трамп өзіне ұнамаған журналистке сауал қойғызбай, меселін қайтарып тастайтын. Кейде жұрттың көзінше ұрсып, жер-жебіріне жететін. Бірақ сол кезде Америкадағы әлгі комитет секілді қаптаған ұйымдар, неге екені өздеріне мәлім шығар, «журналистің қызметіне кедергі келтірді» деп жер-жиһанға дабыл қақпады. Тіпті былтыр Миннеаполисте полиция тікелей эфирге шығып, хабар таратып жатқан CNN тілшісі Омар Жименездін қолына кісен салып, қамауға алған кезде де аттан салып, араша түскен журналистік ұйымды көрмедік, американ билігінен мұндай бассыздықты тоқтатуды талап еткен қаһарлы мәлімдемені естімедік.

Сонда бір мәселеге екі түрлі көзқарас, екі түрлі ұстаным болғаны ма? Ал еліміздің ақпарат министрлігі өзгертулердің заң талаптарына сай екенін, журналистің кәсіби міндетін атқаруға ешқандай кедергі келтірмейтінін жеткізіп-ақ айтты. Бірақ әлгі белсенділердің ондайла «құлағы естімей» қалады.

Соңғы уақытта Батыс Кіндік Азияға қарсы ақпараттық қысымды үдете түсті. Мұндай саяси науқанға адам құқығы мен сөз бостандығын қорғайтын ұйымдардың білек сыбана кірісетіні бесенеден белгілі. Сарапшылар мұны Американың Қытай және Ресеймен арадағы қарым-қатынасының ұшығып кетуімен түсіндіреді. Қырғыз саясаттанушысы Марс Сариев Орталық Азияға ықпал ету үшін алыптар арасындағы текетірес өрши түседі деген пікірде. Түрлі халықаралық ұйымдардың Мәскеумен байланысын бекемдеткен ресми Бішкекті жиі сыңға алуы соның бір көрінісі болса керек. Вашингтон жуырда ғана өзге елдерге демократия қағидаларын тықпаламайтынын, түрлі-түсті төңкерістерге дем бермейтінін мәлімдеген сияқты еді. Бірақ соңғы оқиғалар «демократия дәрісі» қайта басталғанын көрсеткендей.



Срайыл
СМАЙБІЛ

Аптаның ескертуі



**«ТУРПАКЕТТЕРГЕ МІНДЕТТІ
ПТР-ТЕСТІЛЕУДЕН
ӨТУ ЕНГІЗІЛДІ. ЕНДІ
ШЕТЕЛДЕ ЖҮРГЕН
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА
ЕЛГЕ ОРАЛАРДА
ТЕСТІЛЕУ ҮШІН ӨЗ
БЕТИНШЕ ЗЕРТХАНА
ІЗДЕУДІҢ ҚАЖЕТІ
ЖОҚ. БҰЛ ШАРУАНЫ**

**ТУРОПЕРАТОРЛАР АТҚАРАДЫ. МҰНДАЙ ШЕШІМ
20 НАУРЫЗДАН БАСТАП КҮШІНЕ ЕНДІ. БІЗ БҮКІЛ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТҮСІНІП ОТЫРМЫЗ. ТАЛДАУ
КӨРСЕТКЕНДЕЙ, ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРДА ТЕСТІЛЕУДІ
ӨТКІЗУ ТАЛААБЫНА ҚАРАМАСТАН, АДАМДАР
ҚАЗАҚСТАНҒА КОРОНАВИРУСТЫ ЖҰҚТЫРЫП
ОРАЛУДА. ӨУЕДЕ ҰШУДЫҢ ОРТАША УАҚЫТЫ
3-ТЕН АСТАМ САҒАТТЫ АЛАДЫ. СОНДЫҚТАН
БІЗ ПТР-ТЕСТІЛЕУ ҚЫЗМЕТІН ТУРПАКЕТ ҚҰНЫНА
ҚОСУДЫ ҰСЫНДЫҚ».**

**Юлия ЯКУБАЕВА, «Атамекен ҰҚП
басқарма төрағасының орынбасары**



Аптаның кеңесі

Лаура МЫРЗАҒАЛИ,
Алматы қаласы
ҚОҒАМДЫҚ
денсаулық сақтау
басқармасының
өкілі, телемедицина
директоры:



«Вакцина салдырғаннан кейін дене қызуы көтерілсе, оны түсіруге көмектесетін дәрілер болады. Антибиотик емес, дене қызуын түсіруге арналған парацетамол, ибупрофен секілді дәрілерді ішуге болады. Бірақ бірінші кезекте дене қызуын түсіру керек. Одан кейін вакцина салдырғаннан кейін үш күндей моншаға түсуге, су тигізуге болмайды. Сол тәртіпті сақтау қажет. Одан кейін адамның жағдайына қарай шомылуға болады. Әр нәрсе өз орнымен».

ҚАЗАҚСТАНДА КҮНБАҒЫС МАЙЫ ҚАНША ТҰРАДЫ?

2021 ЖЫЛ, АҚПАҢ 1 ЛИТР/ТЕҢГЕМЕН

Атырау	723
Нұр-Сұлтан	651
Алматы	648
Ақтау	643
Өскемен	631
Көкшетау	630
Түркістан	630
Шымкент	620
Павлодар	620
Талдықорған	620
Қызылорда	614
Семей	608
Қостанай	607
Ақтөбе	605
Орал	600
Қарағанды	584
Тараз	567
Петропавл	562



Дереккөзі: stat.gov.kz

Аптаның алаңы

Сергей ЕРШОВ,
Сенат депутаты:

«Әрине, темекі нан емес. Ол маңызды өнімге жатпайды. Дегенмен азаматтардың белгілі бір бөлігіне керек. Халықтың табысы бұрынғы деңгейде қалып отырғанда, темекінің қымбаттауы заңсыз сауда үлесінің артуына өкеліп соқтыруы мүмкін».



Орайы келген әңгіме

(Басы 1-бетте)

Баска ойын-сауық, кәде-жоралғыларға байланысты әзіл-қалжың, тамаша өз қызығымен өзі өтіп жататын. Ал бүгінгі Наурыздан біздің көретініміз — лек-лек болып теңселіп жүрген көпшілік...» деп жазды «Ұлыстың ұлы күні» еңбегінде. Әсіресе, қалалық жерде біз Наурыз мерекесін әкімдіктің бас болуымен өтетін шараларды тамашалап, сатуға пісірген көженің бір кесесін пұлдап ішіп, құр қыдырып қайту деп ұғынып жүрген секілдіміз.

Б.Бопайұлы: Жалпы жанаруды, тіршілік атаулының оянатын, серпілетін наурыз күнін адамзат баласы ғана емес, ұшқан құс пен жүгірген аң, төрт түлік мал, судағы балық та сезеді.

21 наурыздан 22-не ауған түні күн мен түн теңеледі, жерді жапқан сірі қардың көбесі сөгіліп, тоң жібіп, өсімдік атаулының тамырына нәр барып, бойын көтереді. Аспандағы жұлдыздар да күндегісінен өзгеше сәуле шашып, реңк береді. Жана адамзат баласынан өзге тіршілік иелері де жана күннің келгенін, жылдың басы жеткенін сезінеді дедім ғой.

Жас қазақ: Иә.

ҰЛЫС КҮНІ – ҰЛТТЫҢ РУХЫН ОЯТАТЫН МЕРЕКЕ

Б.Бопайұлы: 21 наурыз түнгі он екіден кейін 22-не аумай ма. Міне, осы сәт жақындап, 22 наурыздың кіруіне сүт пісірім мерзім қалғанда өзен-көлдегі, мұхит пен теңіздегі балықтар козғалмай бір орында тұрып қалады екен, күн мен түн тенеліп, уақыт бір нүктенің бойынан көрінгенде шоршып түсіп, жана күнге тағзым ететін көрінеді. Балықтың осындай қасиетін білетін ирандықтар наурыз мерекесіне арнап жайған дастарханына міндетті түрде балық өнімін қояды. Сыйлы, қадірлі мейманы есігінің алдына ат байласа, міндетті түрде бас табағына балық салып таратады.

Күн мен түн теленген сәтте қорадағы төрт түлік малдың ішінде күйіс қайыратыны күйісін кілт доғарып, іркіледі, құстар ұясынан тұрып, басын көтеріп құрмет көрсетеді, індегі жан-жануар да жер бетіне шығып, жана күнге ықыласын білдірген. Осындай тіршілік атаулының құрметі ерекше артқан мейрамды жалпыхалықтық мерекеге айналдыра алмай келе жатқанымызға жетпіс жыл бойы арқамызды жауыр еткен бодандықтың да тигізген зауалы ерекше.

«САМАРҚАННЫҢ КӨК ТАСЫ» ҚАЙДА?

Жас қазақ: «Самарқанның көк тасы жібіді» дейміз осы наурыз мерекесінде. Осы көк тас қай тас? **Б.Бопайұлы:** Бұл аңызды басқаша тарқататындар да бар. Әбөзбекстанның Самарқан қаласындағы мешіттердің төбесіндегі қар еріп, буы бүркырай аспанға көтерілгенді осы «Самарқанның көк тасы жібіді» деп айтушылар көп. Шынтуайтында, қазақ аңызындағы көк тас ол емес. Сақ, ғұн дәуірінде ме, тіпті одан бұрынғы кезеңде ме екен, Самарқан деген әжеміз болыпты. Ұршығымен жіп иіріп отырып, күннің қызуынан жіпсіген маңдайын сүртіп, ұршығын көк тасқа тірей тұруға ұмсынғанда, ұршығы тасқа кіріп кетіпті. «Көк тас жібіген екен ғой, тіршіліктің оянатын шағы туыпты, тілеу көже әзірлендер» деп қуанған дейді. Содан бастап жыл сайын көк тасқа таяғын сұғып көреді екен, көк тас жібісе, бәрі қуанысып, көже пісіріп, көпшілік мереке, думанға айналдырған.

Наурыз мерекесі — алты құрлықтағы 50-ден аса ұлтқа ортақ мереке. Қазақ үшін бұл елдігімізді танып-түстейтін, ұлттық құндылығымызды әспеттейтін мейрам деп есептеймін.

Қазақтар ертеде Наурыз мерекесін уыз мерекесі деп те атаған. Өйткені күн мен түн теңелгеннен бастап аспандағы ай да уыздай болып толады, адам баласының көңілі де уыздай болады. «Уызына жарымаған қозы марка емес маңқа» деген қазақ уызына жарып ембеген бала жылауық келеді, генетикалық дамуы мешеу, әлжуаз болады дейді.



Ертеден қазақтар амал мерекесін наурыздың 14-нен бастап сәуірдің 10-на дейінгі аралықта бір айға жуық тойлаған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында наурыз мерекесін он күн тойлаудың бағдарламасын түзуді тапсырды. Өте онды ұсыныс.

Көрісу күнін батыс облыстардағы ағайындар ерекше күтіп, әспеттеп мерекелейді. Бес қонақ дейтін амал кіреді. Көрісу күнінде жер астындағы тіршілік атаулы көзін ашып, өсуге беттейді де, көк тебіндеп шыға бастайды. Осы амал мерекесінен бастап жана жылға деген дайындық қызу жүреді. Қыстай жиналған ескі-құскы заттар, киім-кешек, жүн-жұрканың барлығы өртеліп, көктеуге көшкен ел үйін жаналап, жаңғыртып, ескімен қоштасып, жанамен қауышады. Күздің қара суығына ұрындырмай сойып алған соғымынан ұзынсарыға деп сақтаған сыбағалы етін қазанға салып, қоржындағы тәттісін дастарханға төгеді. Араздасқан ағайын болса, күн мен түн теңелгенге дейін төс түйістіріп татуласады, қарыз алған адам қарызын қайтарады. Себебі жана жылды қарызбен бастаса, жыл біткенше қарызға бата береді деп ырымдаған.

Үлкендер бір-бірін құшақтап көрісіп, кішілер ізетін байқатып, ақсақалдар батасын беріп, балалар

түрлі ойындарын өткізген. Қазыналы карттардың иықтарына оқалы шапан жабылып, құдалдалы болғандар ат мініскен. Сынсуына сырғасының сынғыры жамалып, төркінін қимай ұзатылған бойжеткеннің тоғыздан айдатқан қалың малы түйдектей шаң көтерген. Балуандары білегін түрініп белдесуге шықса, қыз-жігіттер түрлі ойын-сауық құрып, алтыбақан тебіскен. Жеткіншектер айдарынан жел есіп, күн шуақта асық ойнаған. Жал-құйрығы күзелген асауын бастықтырып, тоқымдап қана мінген балалар тай жарысына түскен. Табан майы ішегін керіп, бұлтия сорпа бетіне шыққан қазы-карта, қыстан қалған соғымның сүрі дара асылып, жемдеудің арқасында қонын бермеген құнан қойдың еті де қоса қазанға түсіп, бауырсақ пісіріліп, думанды сауық басылмаған. Біз осындай ұлттық құндылығымыздың нақышын кемітіп алдық. Соның орнын енді замана талабына сай лайықтап толықтырып, жаңғыртуымыз керек.

Жас қазақ: Қолданыстағы күнтізбе бойынша, жана жыл мерекесі қарсаңында қарағайды, шыршаны жығып әкеп орнату үрдіске айналғаны сондай, шыршаны безендірмесек, жыл кірмейтіндей күйі кешеміз. Ал әз Наурызда, керісінше, жер көбесі сөгілген өңірлерде ағаш егу, тал отырғызу амалдары атқарылады емес пе?

Б.Бопайұлы: Өмірден өткен адамдардың әруағына бағыштап құран оқу, сұраусыз, іздеусіз кеткендердің

артынан дұға тілеу, бұлақ көзін ашу, атыз, арықтарды тазарту секілді қоғамдық жұмыстарды бірлесіп атқарады. Наурыз — кешірім айы, шүкіршілік мерзімі, тәубеге ұйытын кезең. Сондықтан да адам баласының жаны да тәні де тазарып, рухани, имани дәрежесі артады. Жана да айттым ғой, кеңес өкіметінің құрсауында өткізген жетпіс жылда біздің ұлттық құндылықтарымызды ойып-ойып ойымыздан шығарып, санамыздан сылып тастады. Сол себепті де бізге бүгінде табиғаттың тіршілігіне залал келтіріп, аста-төк дастарханға қойылған ащы суға мастанып алып, майып болатындардың әрекеті қалыпты жәйт саналып келеді.

Наурыз мерекесі қарсаңында босағасын ақтап-сырлайтын қазкем үлкен дайындықпен күткен. Біз сол үрдісті бүгінгі заманға лайықтап, жүйелеп алуымыз керек. Президенттің он күн мерекелеу туралы бастама көтеріу тегіннен емес. Түсіне білген адамға бұл үлкен серпін беріп, қозғау салуы тиіс.

Жас қазақ: Әз амалы кіреді деп те жатамыз. Осыған да тоқтала кетсеніз.

Б.Бопайұлы: Күн мен түн тенелгенде әз амалы кіреді деп сенген. Әз амалы кіргенде көктен ерекше әуезді дауыс естіледі екен. Оны төрт түліктің ішінде тек қой ғана естиді екен. Неге десеніз, осы дыбысты естіген адамның маңдайының бағы бес елі болады, жеті ұрпағына дейін бақытқа кенеліп, байлыққа малынады деп сенген. Сонымен бірге Наурыз мейрамы кезінде Қызыр ата аралайды. Қызыр ата тоқтаған үйдің байлығы еселенеді, ал енді ауылды айнала аралап өтсе, сол ауылдың ынтымақ-берекесі нығая түседі деп сенген. Көк ырыс — жеміс-жидек, қызыл ырыс — ет өнімдері, ақ ырыс — сүт, айран, қымыз-қымыран, құрт-май, дақыл ырыс — нан, бауырсақ секілді сан түрлі ырыстан тағам әзірлеп, дастарханды жайнатып қоятын. Жеті, болмаса тоғыз, он дәмнен тілеу көже пісірген. Оны тайказанға қайнатқан. Жаугершіліктен оралған жауынгерлердің жебелерінің ұшындағы темірінен соғылған тайказанға атан түйе, атан өгіз, ақсарбас қой, көк қасқа тай сойып, елді береке-бірлікке шақырып, ас берген.

Соғымнан қалған сүр еттің арасына амалдың басын бүтіндей қосып асады. Бүгіндегідей шекені бөліп тастамаған. Бүтіндей асылған бастың құйкалы етінен ағайын-туысы, көрші-қоланы, құда-жегжаты, жора-жолдастары да ауыз тиіп, тілеу көже ішкен. Басты жеке мұжыған адам жұртынан жырылып жалғыз қалып қояды деп ырымдаған.

Жас қазақ: Президент наурызды тойлау тұжырымдамасы елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға, ұлттық бірегейлікті сақтауға, отбасылық құндылықты арттырып, қоршаған ортаға деген құрметімізді көрсетуі тиістігін айтты емес пе?

Б.Бопайұлы: Былтыр да, быыл да жер жүзін әлі де құрсаулап тұрған пандемияның кесірінен Наурыз жалпыхалықтық сипатта тойланған жоқ. Президент айтқан тұжырымдама қазақтың ұлттық құндылығын өзгелерге паш ететін, таңытатын, өнерін ұлықтайтын, тарихын түгендейтін, берекесін бүтіндейтін құжат болуы керек.

Алла жазса, келер жылы Наурыз мерекесін ел болып алқалап өткізетін сәт туар. Біз ұлық мейрамымызды өз тұғырына қайта қондыруға күш салғанымыз абзал. Наурызды атап өту мекемелердің киіз үй тігіп, сахнаны құрып санқылдатып ән айтқызып, көже пісіріп, сатушыларға базар жасап берумен шектеліп қалғаны өкінішті. Әсіресе, бұл қалалық жерлерде. Ауыл-аймақта дәстүрдің ұшқыны әлі де бар. Ұлттың жан-дүниесі, рухы наурыз болғандықтан, ұлықтауға тиістіміз. Бүгінгінің бозбаласы да, түбіт мұрт жігіт-желені де көптің алдында ғашығына тізерлеп отырып гүл ұсынып, «тұрмысқа шық» деп ұсыныс айтпай. Қай атаннан қалған салт бұл? Қазақ ешқашан тізерлемеген, еркектің басы тек Алланың алдында ғана иілуі керек. Сондай іске баратын жастар наурызда сүйіктісіне «селт еткізер» тартулап, келешекте арқа сүйер азаматы болар сүйгеніне қыздар қауымы сергек жүрсін деп «ұйқы ашар» әзірлеп, жалпыхалықтық сенбілік ұйымдастырылғаны жөн. Қары еріп, тоны жібіген аймақтарда бастау-бұлақтардың көзі ашылып, арнасы кеңейсе, саябақтар мен алқаптарға ағаш көшеттері егілуі керек. Күндіз алтыбақан құрылып, кешкілік жігіт-желен қыз-қыркынмен бірге қиқу салып, қырда думан құрса, жеті түрлі дәмнен көже әзірлеп, қазан көтеріп, ұлттық ойындар ұлықталуы тиіс.

Жас қазақ: Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Қуаныш ӘЛМЕРЕК,
Алматы қаласы

QOƓAM

D-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Өз ойым

(Басы 1-бетте)

ҚЫСАСТЫҚ

Әуелі, бұл әңгіме шығатын кезде Шымкент қалалық мәдениет басқармасының басшысы, белгілі әнші Сәкен Майғазиевке соқтықты блогерлер. Олардың қисынына сенсеңіз, Наурызға орай өткізілген айтысқа Шымкент әкімдігі 40 миллион теңге бөліпті. Әлгі блогерлердің пейілін тарылтып тұрған сол қаржы көрінеді. Соқтығудың жөні осындай болу керек деді ме, әлде жібі түзу дерек таппады ма, айтысты өткізген компанияға тиіспітті. Сондағысы — «Бұрын-соңды ондай шара өткізбеген», «Бір көзден алған» деген сияқты қисынсыз айыптаулар. Бейресми мәліметтерге сенсек, Шымшаһардың әкімдігін айыптап жатқан блогерлер, естуімізше, шетел грантымен жұмыс істейтіндер көрінеді.

Миллиондарды айтып, оқырманды елен еткізбекші болғандар өз айыптауларына өздері жауап берген. Мысалы, блогер жазбасында «Наурызға орай «Bala дауысы», «Super Live», «Жұлдызай» сияқты іс-шараға 80 миллион теңге бөлді» депті. Одан кейін «Дәстүрлі ән мен жырлар» — Дина Нұрпейісова» іс-шарасын өткізуге — 50 миллион теңге қарастырылғанын жазыпты. Тағы да осындай қаржыға «Айқап» журналының 110 жылдық» іс-шарасын ұйымдастырмақшы деген. Осының бәрін қосып, 530 миллион теңгенің есебін шығарыпты. Бір емес,

Шара

АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ

Наурыз мерекесі жөне Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Ағаш отырғызу» қайырымдылық акциясына қолдау білдіріп, 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасын отырғызды.

Ігілікті шара Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысындағы: «Мен Ұлыстың ұлы күнін жанаша атап өтуді ұсындым. Бабаларымыз Әз Наурыз келгенде



бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Осы тамаша дәстүрді жана қарқынмен жалғастырайық. Табиғатты тазалап, қоршаған ортаны көгалдандыруды қолға алайық. Мұндай шараларды барлық аймақта ұйымдастыруымыз қажет. Бұл — ата салтымыз жөне ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің ең тиімді жолы», — деген тапсырмасына сай жүзеге асты.

бірнеше шараға бөлінген ақша екенін сөз соңына қалдырып, жазбаның басына әдейі миллиондарды шығарған. Бұл енді барып тұрған қысастық. Айыптау. Шырғаға тарту.

Жасыратыны жоқ, мұндай миллиондар күн сайын қаншама іс-шараға, қаншама сауық-кештерге де бөлініп жатыр. Бірақ не айтылмайды, не жазылмайды. Мысалы, былтыр есім-сойы белгісіздеу әлдебір акынның кешін өткізуге 30 миллион теңгеге жуық ақша бөлінгенде, осы «жанашыр» блогерлер қайда жүрді? Неге дәл бүгінгідей байбалам салмады? Тек қазақтың ұлттық құндылығына арнап тиын-тебен бөлінген кезде ғана «жанашырлар» пайда болып, есепшоттарын қаға қалады. Жаһандану кезінде ұлттық құндылыққа: салт-дәстүрдің насихатына бөлінген ақшаға, тіл мен ділге кеткен қаржыға «қарауылдың» аяқ астынан пайда бола қалатыны несі екен?

Жарас КЕМЕЛЖАН

Q БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Шымкенттегі Наурыз тойына 500 млн емес, 213 млн теңге жұмсалған. Бұл туралы кеше Шымкент қалалық мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Ханзада Есенова хабарлады.

АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел», – деп атап өтіп, Әз Наурызға жанаша көзқарас қажеттігін жеткізген болатын.

Естеріңізге сала кетсек, ҚазҰУ «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасына» сәйкес, «Көрісу күні», «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Ігі істер күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың ұлы күні» және «Жоралғы күнін» қашықтан атап өтуде.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде алдағы уақытта да кампусағы жатақхана корпустарының жанындағы бос орындардаға ағаштар отырғызып, айналаны жасыл желекке айналдыру керектігін атап өтті.

Сондай-ақ Жапония еліне сақураның гүлденуін көру үшін аттанбай-ақ, табиғаты әсем ҚазҰУ қалашығында студент жастарымыз үшін арнайы шиш және алма ағаштарының аллеясын бөлек ашуды ұсынды. Бұл жоба іске асырылса, жеміс ағаштары аллеясы студенттердің, қонақтар мен қала тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналмақ.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Қазақы REALISM

Алматы, 21.03.2021



Қаржы саласы

Қарап отырсақ, бұрынғыдай қағаз ақшаны будыратып жүретін күндер келмеске кетіп барады. Он жылдан астам бұрын шағын дүкендерде POS-терминал енгізуге қарсылық білдіріп, кәсіпкер атаулының өре түргелгені осындайда еске түседі. Қазір жұрт жаппай төлем картасын пайдалануға көшті. Әсіресе, өткен жылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың қолайлы екені барынша сезілді. Тиісінше, бір емес, бірнеше банктің картасын иеленушілердің саны артты.

2021 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, елде 48 миллион төлем картасы айналымда жүр. Бұл алдыңғы жылдың осы кезеңімен (32 млн) салыстырғанда, 49,7 пайызға артық. Соңғы үш жылдан бері айналымдағы

төлем картасы жылына орта есеппен 35,7 пайызға өсіп отыр.

Бүгінде 16 жастан жоғары әрбір ересек адамға 4 картадан келеді. Елдің басты қаржы орталығы саналатын Алматы бірінші орында тұр. Мұнда әрбір тұрғын орташа есеппен 9 картаны пайдаланады. Ал Нұр-Сұлтанда әр тұрғынға алты картадан келеді. Төлем картасы мен тиісті инфрақұрылым бүкіл тұрғындарды, сондай-ақ шалғай жатқан елді мекендерді де цифрлық қызметпен қамтуға мүмкіндік береді. Әлбетте, бұл банк жүйесіндегі қашықтан қызмет көрсететін инфрақұрылымды ұдайы жаңғыртып-жанартуды қажет етеді. Бұл орайда банктерге өкпе жоқ.

Ел аумағында халықаралық және жергілікті карта жүйесі жұмыс істейді. Айналымдағы карталардың 67 пайызы дәстүрлі түрде Mastercard пен VISA жүйесіне тиесілі. Халықаралық төлем жүйесіндегі өнімдер мен қызметтерді пайдаланудың арқасында карта иелері әлемнің кез келген нүктесінде төлем жасай алады. Бұл соңғы жылдардағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу

ҚАҒАЗ АҚШАНЫ ТӨЛЕМ КАРТАСЫ ҰҒЫСТЫРДЫ



жүйесінің шын мәнінде алға ілгерілегенін көрсетеді. Төлем картасының артықшылығы қаржы қызметін тұтынушылар арасында да кенінен таралуына ықпалын тигізді. Мәселен, 2020 жылы төлем картасымен 2,9 млрд қолма-қол ақшасыз транзакция жасалды. Оның жалпы сомасы 35,3 трлн теңгені құрады. Бір

жылдың ішінде қолма-қол ақшасыз төлем 2,4 есе өсті.

Айта кеткен жөн, өткен жылы мұндай төлемге жұрттың жаппай бет бұруына коронавирус пандемиясы да әсер еткені анық. Бүкіл дүнижүзі әлеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында қарым-қатынасыз хәм онлайн-төлемге ойысты. Бізде де қолма-қол ақшасыз операциялардың басым бөлігі онлайн түрде жүзеге асты. Қолма-қол ақшасыз төлемнің 81,4 пайызы онлайн-төлемге тиесілі. Бүгінгі күні отандық 20 банктің iOS және Android жүйесін пайдаланушыларға арналған мобильдік банкінгі бар. Жыл ішінде банктердің онлайн қызметі 45,8 пайызға артып, ақшаға шаққанда 28,7 миллион теңгені құрады.

Сондай-ақ қолма-қол ақшасыз төлемнің үстемдік алуына отандық нарыққа Apple Pay мен Samsung Pay-дің енуі, саудада POS-терминалдың орнауы, тұтынушыларды түрлі бонус және кәшбекпен ынталандыру, сонымен бірге қоғамдық көліктің барлық түрінде де онлайн-төлем жүйесін енгізу әсерін тигізді. Оған қоса, ел нарығына қарым-қатынасыз төлем, Tap on Phone және т.б. халықаралық инновациялық технологиялардың төлем жүйесінің ендіуі де ықпал етті. Пандемия кезінде сатушы да, сатып алушы да транзакция кезінде бұрынғыдай бетпе-бет емес, қашықтан төлем жасауға мүмкіндік алды. Соның арқасында вирус жұқтыру қаупін азайғаны сөзсіз. Tap on Phone смартфонды іс жүзінде POS-терминалға айналдыра алады. Тиісінше, ұялы интернет бар кез келген нүктеден төлем жасауға болады. Оның үстіне мұндай жүйе сатушының шығынын азайтады, банктер үшін тиімді, сатып алушыға ыңғайлы, жалпы алғанда «көленкелі экономиканың» өрістеуіне кедергі келтіреді.

Тағы бір айта кететін жәйт, төлем карталары нарығындағы цифрландыру мен технологиялық шешімдер пандемияның отандық сауда саласына жағымсыз әсерін азайтуға септігін тигізді. Айталық,

бөлшек сауда көлемі 7,3 пайызға кеміген тұста, электронды саудада, керісінше, рекордтық көрсеткіш орын алды. Өткен жылы электрондық жүйедегі бөлшек сауда үш есе дерлік, 3,8 пайыздан 9,7 пайызға артты.

Бөлшек сауданың ғаламтор арқылы жандануы карантин кезінде байқалды. Былтырғы жылдың соңына қарай ел аумағында төлем картасымен аударылған қаржы 108,2 мың кәсіпкердің есепшотына түсті. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,2 пайызға артық. Бес жыл ішінде мұндай компаниялардың саны 2,5 есе көбейді. Осылайша, ыңғайлы, қауіпсіз әрі ашық түрде жүзеге асатын қолма-қол ақшасыз есеп айырысу көшінен біз де қалмай келеміз.

Талап ТІЛЕГЕН

Дерек көзі: Ұлттық банк

Банк қызметі

«Отбасы банк» баспасөз қызметі хабарлағандай, 19 наурызда несиені мерзімінен бұрын жартылай өтеуге онлайн-өтініштер қабылдана бастады. Енді өз қаржысы немесе бірыңғай зейнетақы төлемі (БЗТ) есебінен ипотекалық несиені мерзімінен бұрын жартылай өтегісі келетін адам банкке бармай-ақ, ғаламтор арқылы жұмысын тындыра алады.

НЕСИЕНІ ОНЛАЙН ЖАБУҒА БОЛАДЫ



Бұл арада мынаны ескеру керек: тұрғын үй төлемі бойынша арнайы есепшот пен ағымдағы есепшот үшін негізгі қарыздың сомасы 50 мың теңгеден аз болмауы тиіс. Қарыз БЗТ есебінен жабылса, айыппұл алынбайды. Өтінімді рәсімдеу кезінде тұтынушыға несие төлемінің жаңартылған кестесі беріледі.

«Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибраимова бұл жайында былай делі:

«Біз онлайн түрде көрсетілетін қызмет түрін барынша көбейтуге тырысамыз. Соңғы жылдары,

цифрландыру шеңберінде банктің IT-командасы онлайн-сервисте (интернет-банкинг, мобильдік қосымша, видео-банкинг) шын мәнінде үлкен секіріс жасады. Әсіресе, мұндай қызмет карантин кезінде өзекті бола түсті. Өйткені қауіпті вирусты жұқтырып алмау үшін көпшілік орындарға бармаған дұрыс. Біз клиенттердің ұсынысы мен өтінішіне құлақ асып, ең алдымен анағұрлым сұранысқа ие сервистерді енгізуге ұмтылдық. БЗТ пайдалануға арналған өтінімдердің басым бөлігі ипотекалық несиені жабуға бағытталғанын ескеріп, мұны онлайн түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін механизмді енгіздік».

Өтінімді «ТҚЖБ 24» мобильдік қосымшасы (соңғы нұсқасын жүктеп, жаңартқан соң), сондай-ақ «Отбасы банктің» интернет-банкінгі арқылы жолдауға болады. Жүзеге асырылатын қадамдар оңай әрі түсінікті.

Жалған ақша

Қазақстанда 2020 жылы жалған ақша көлемі 38 пайызға азайды, яғни соңғы көрсеткіш – 823 жалған банкнот пен монета. Бұл туралы Ұлттық банктің банкноттар мен монеталарға сараптама жасау басқармасының басшысы Асхат Әбішев мәлімдеді.

КАРАНТИННІҢ БІР ПАЙДАСЫ

«Жалған ақшаның азаюына карантиндік шаралар мен шектеулер әсер етті. Өйткені қолдан ақша жасайтындар әдетте оны базар, жанармай құю бекеттері мен шағын азық-түлік дүкендерінде өткізуге тырысады. Жалған ақша жасаушылар көбіне 2 000 және 5 000 теңгелік банкноттарға басымдық береді», — делі ол.

Жалған банкноттардың басым бөлігі Алматыда — 554 немесе 67,7 пайыз. Елімізде жалған ақша мен монеталарды өткізу мақсатында



жасау немесе сақтау қылмыс болып саналады. Оның соны мүлктік тәркілеу немесе 5 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылуға әкеп соқтырады.

Белес

Quacquarelli Symonds (QS) беделді халықаралық рейтинг агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары баға алып, «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» жоғары марапатына ие болды. ҚазҰУ – «Бес жұлдыз» марапатына ие болған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны.



«5 ЖҰЛДЫЗ» БАСЫМДЫҚ БЕЛГІСІНЕ ИЕ

Британиялық QS компаниясы жүргізген аудит университеттерді төрт негізгі топ бойынша бағалайды. Оның құрамына 50-ден астам көрсеткіштен тұратын 12 кіші топ кіреді. Бұл университет қызметінің кең ауқымдығын және оның жоғары халықаралық талаптарға сәйкестігін дәлелдейді. Аудитке қатысатын әрбір кіші топ бойынша ЖОО-на бір жұлдыздан бес жұлдызға дейін баға беріледі, одан кейін жалпы рейтингтік балл шығарылады. QS компаниясының кешенді бағалау нәтижелері бойынша Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірқатар көрсеткіштерге, атап айтқанда — оқу процесі; жұмысқа орналасу мүмкіндігі; зерттеу; интернационалдандыру; қызмет көрсету; өнер және мәдениет; инновация; заманауи тілдер бойынша өте жоғары балл алып, ең жоғары «Бес жұлдыз» марапатына ие болды.

QS «Бес жұлдыз» белгісін иелену Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-білім беру саласындағы халықаралық қауымдастықтарда беделі бар екендігін және жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде көшбасшылық позицияларды көрсетіп отырғанын білдіреді. Басымдылық жұлдыздары университеттің мықты тұстары мен артықшылықтарына назар аудартып, оның серіктестеріне, білім беру саласындағы халықаралық

сарапшыларға, шетелдік, сондай-ақ отандық талапкерлерге оқуға түсу үшін ЖОО таңдау кезінде бағдар береді.

QS Stars жүйесі егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ауқымды кең деректерді ұсыну арқылы, терең бағалауды қамтамасыз етеді. Мұндай аудит университетті басқа рейтингтерге қарағанда, кенірек және терең сараптап, тиісті бағасын алуға мүмкіндік береді. QS «Бес жұлдыз» марапатын алған ҚазҰУ өзінің білім беру бағдарламалары мен зерттеулерін ілгерілетудің, бәсекеге қабілеттілікті арттырудың тағы бір құралына қол жеткізді.

Айта кету керек, Орталық Азия елдері мен Қазақстанда Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дан басқа QS Stars-тің бес жұлдызын бірде-бір университет алмаған. QS Stars «Бес жұлдыз» марапаты бүкіл әлем бойынша тек 62 ЖОО-ға берілген. Олардың ішінде QS WUR халықаралық жаһандық рейтингінің әлемдік үздік топ-5, топ-10 және топ-20 қатарына кіретін Гарвард, Оксфорд, Кембридж, Чикаго, Принстон, Колумбия университеттері бар.

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын QS Stars Rating System халықаралық рейтингісінде «5 stars» жоғары марапатын алуымен құттықтаймыз!

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ЕСЕП АЙЫРЫСУ

(2020, қаңтар-желтоқсан)

	Транзакция мөлшері (млн)	Көлемі/млрд Т
Барлығы	2 878,5	35 294, 8
Mastercard	553,6	4 410,7
Viza	340,3	5 179,8



30 QARYSTY QADAM



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған *Jas Qazaq* газетінің арнайы жобасы. Егемен елдің қалыптасу тарихынан сыр шертетін жоба экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізген қарышты қадамдар туралы баяндайды.



СЕРІКТЕСТЕР:



1991 жылы еліміз егемендігін жариялап, дербес мемлекет ретінде өз алдына отау тіккен кезде экономикалық тәуелсіздік туралы айтуға әлі ерте еді. Алып империя күйреп, бір-бірімен жымдасып, қабысып жатқан Одақтағы бұрынғы шаруашылық байланыстар бір сәтте үзілді. Аяғын тәй-тәй басқан жас мемлекеттің қалыптасуы өмір сүруі, өзгеден қалып қоймай, өркендеп-өрлеуі үшін ең алдымен отандық экономиканы қалыптастыру міндеті тұрды. Өндірісі тұралаған, кәсіпорны қантарылған, қызыл директорлары аяқтан шалған, сабан ақшасы күн сайын құнсызданған, жалақы мен зейнетақы айлап берілмейтін елде мұны қомақты қаражатысыз, яғни инвестициясыз іске асыру мүмкін емес еді. Ал қазынаның бүйірі бос.

1992 жылы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына арналған алғашқы стратегия қабылданды. Құжатта шетелден инвестиция тартуға айрықша мән берілді. «Темір шымылдыктан» кеше шыққан, ғаламдық қауымдастыққа әлі таныла қоймаған, нарықтық қатынастарға енді көшіп жатқан бұрынғы кеңестік республикаға бұл тым қиын шаруа.

Міне, осындай өліара шақта Қазақ елінің жігерлі де жанашыл Президенті Нұрсұлтан Назарбаев шет мемлекеттермен келіссөз жүргізе бастады. Бұл ретте 1992 жылы мамырда Вашингтонда Ақ үй қожайыны әке Бушпен өткен

инвестициясына өте-мөте мұқтаж екенін айрықша атап өткен еді.

Сан қилы қиындықтарға қарамастан, 1993 жылы 6 сәуірде Алматыда Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» корпорациясы арасында «Ғасыр жобасы» дүниеге келді. Меморандумға тәуелсіз Қазақстан атынан Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен «Шеврон» корпорациясының басқарма төрағасы — әкімші директоры Кеннет Т.Дерр қол қойды. «Теніз» кенішін игеру мақсатында 40 жылда 20 миллиард доллардан астам инвестиция құю жөнінде уағдаластық жасалды.

Бұл, асырып айтқандық емес, ел ішінде тұрақтылықты, сыртқы қарым-қатынаста сенімді серіктестікті ту еткен жас мемлекеттің шын мәнінде талағай табысы еді. Тұрақтылық демекші, шетелдік инвестордың береке-бірлігі жоқ елге жоламайтыны белгілі. 90-шы жылдардың басында ішкі тұрақсыздық, саяси бекталастық, жалаң популизм, көршісімен дұрдағыз, жаппай дағдарыстан көз ашпаған әзірбайжан елінің қиын ахуалы бұған айқын дәлел. Тек 1993 жылдың ортасында билікке Гейдар Әлиевтің келуімен тұрақтылық орнады. Алпауыт компаниялар Әзірбайжандағы мұнай мен газға бет бұра бастады. «Ғасыр келісімі» жасалды. Бәзбір сарапшылар әзірбайжандардың экономиканы шетелдік инвестиция арқылы дамытуға кіріскенде Қазақстан моделін үлгі ретінде ескергенін алға тартады.

шапағатын көріп, кешегі қиын заман ұмытыла бастаған тұста кейбір саясаткерлер мен сарапшысымақтар, «бәрін білгіш» блогерлер сын айтуға көшті. Оларға салсақ, «кеніштерді шетелдіктерге басыбайлы бермеу керек еді, өзіміз-ақ өндіретін едік». Мұндай қисынсыз пікірді көлденен тартатындар арасында терістік көршімізді «озық тәжірибе» етіп көрсеткісі келетіндер де бар. Бірақ олар кеңестік қазынаның негізгі кіріс көзі болған мұнай-газ кешенін өзіне мирас ретінде иеленген Ресейдің сол кездегі қаржылай һәм энергетикалық әлеуеті жөнінде ауыз ашпайды. Бұл жерде Сібірдегі кара майдың өзіндік құны 3 доллар шамасында екенін айтқан жөн.

Ал Теніз — күрделі кеніш. Мұнай тым тереңде. Мамандарға жүгінсек, мұндағы шикізат - ең кемі 3810 метр тереңдікте. Кейде ұңғыма одан да әрі кетеді. 2001 жылы 5235 метр тереңдіктен мұнай алынған. Сондай-ақ жер қатпарындағы қалыптан тыс жоғары қысым, күкірт қышқылы, меркаптан қосындысы, сонымен қатар, көмір қышқыл газының айтарлықтай көп мөлшерде болуымен ерекшеленді. Күкірт қышқылы тотығына шыдамды құрал-жабдықтар, ұңғы тетіктері елімізде болмады. Коррозияға шыдамды құрал-жабдық шетелде жасалды. Байырғы мұнайшылардың айтуынша, 1985 жылы кеніштегі №37 ұңғымада мұнай-газ фонтаны атқылап, жана бастаған. Сол кезде жалын 150-200 метр биіктікке көтеріліп, айналасындағы ыстық 200 градусқа жетеді. Ол 14 ай бойы тоқтаусыз жанып тұрады. Апат орнына шақырылған Одақ мамандарының алапат өртті ауыздықтайтын тәжірибесі де, құрал-сайманы да болмады. Тек американдықтар келіп жалынды ауыздықтай алды.

Міне, осындай кенішке шетелдік инвестор білікті маман мен заманауи технологиясын әкелді. Ілеспе газды жер қойнауына қайта айдайтын, күкіртті мұнайдан ажыратып алып, оны нарықта тиімді бағамен сататын, қоршаған ортаны қорғайтын бірегей жобалар жүзеге асырылды. Екінші буын зауыты іске қосылды. Өндіріс көлемін 39 млн тоннаға жеткізетін үшінші буын зауыты алдағы

Бірлескен кәсіпорын кеніштегі алғашқы қаламын 1993 жылы тәулігіне 60 мың баррель мұнай өндіруден бастады. 2010 жылы «қара алтын» өндірісі 25,9 миллион тоннаға жетті. Қазақстанның ғасырдан астам тарихы бар мұнай-газ өнеркәсібінде бір кеніштен дәл мұндай рекордтық деңгейде мұнай алынған емес.

Қазақстан — landlocked countries, яғни теңіз жолдарынан жырақта жатқан елдер қатарында. Бұл өнім өндіру ғана емес, оны әлемдік базарларға жеткізу көкейкесті мәнге ие деген сөз. Кеңестік Атырау-Самара құбыр желісі көлемі көбейген мұнайды тасымалдауға қауқарсыз еді. Елбасы осы кезеңде геоэкономикада көпвекторлық саясатты шебер жүргізе білді. Вашингтон Баку - Жейхан құбыр желісі жобасын қолдап, Мәскеу оған суық қабақ танытып жатқанда, Қазақстан американдық «Шеврон», ресейлік «ЛУКОЙЛ» бастаған компаниялардың қатысуымен Теніз мұнайын солтүстік көршіміздің Қара теңізіндегі Новороссийск аймағына жеткізетін, қуаты 68 млн тоннаға жететін Каспий құбыр желісі консорциумы (CPC) жобасын іске асырды.

Энергетикадағы алғашқы қарлығашқа айналған «Тенішевройл» бірлескен кәсіпорнының құрылуы әлемдегі алпауыт компаниялардың назарын елімізге мықтап аударды. Көп өтпей, Қарашығанақ, Қашаған сияқты алып жобалар жүзеге асты. Шетелдік инвесторлар Қазақстанды сенімді серіктес ретінде бағалай бастады.

ТШО Қазақстандағы мұнай-газ өнеркәсібі үшін аса маңызды машина жасау ісін қолға алғанын жариялады. Бірлескен кәсіпорынның Бас директоры Кевин Лайон журналистермен кездескенде біз осынау тың жоба жөнінде сұрадық. Тәжірибелі мұнай менеджері болашақта жасалатын заманауи құрал-жабдық пен технологияның игілігін бүкіл еліміз көретінін жеткізді. Бұл, сөз жоқ, тәуелсіз мемлекетіміздің тағы бір жарқын жетістігі.

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ. ТЕНІЗ КЕНІШІ

кездесуді айрықша атап өткен жөн. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Күнгей мен көлеңке» атты кітабында осы келіссөзді былай түйіндейді: «Вашингтондағы келіссөз ерекше мәмілемен аяқталды: Қазақстан ядролық (қаруы бар ел) мәртебеден бас тартып, оның орнына жас мемлекетті саяси тұрғыдан тану, кең ауқымды экономикалық қарым-қатынас және халықаралық аренада оған көмек беруіне қол жеткізді».

Н.Назарбаев әлемдік экономиканың беталысын айқындайтын американдық компанияларды елге шақырды. Алайда капитализмнің майын ішкен, тиімсіз жобаға беттемейтін бизнес шортандарын сендіру де, көндіру де оңай емес. Оның үстіне, салған қаржының қайтатынына кепілдік беретін заңдар ол кезде әлі қабылдана қоймаған. Бұған қоса, нарықта шикі мұнайдан гөрі қаржыға сұраныстың қашанда көп екені, инвестиция төңірегіндегі бәсекенің бір сәт толастамайтыны белгілі. Біз 2003 жылы АҚШ-тың Каспий энергетикасы жөніндегі кеңесшісі, тәжірибелі маман Стивен Маннмен Вашингтонда кездесіп, аталған тақырыпқа қатысты пікірін сұрағанбыз. Осы әңгіме-сұхбат сол жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. Стивен Манн «қара алтынның» өз еліне қажет екенін, бірақ, керісінше, мұнайлы елдердің американдық



Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев және «Шеврон» корпорациясы Директорлар кеңесінің төрағасы Кеннет Дерр. 1993 жыл, Алматы

«25 ЖЫЛ ІШІНДЕ «ТЕНІЗШЕВРОЙЛ» МҰНАЙ-ГАЗ НАРЫҒЫНДАҒЫ КӨШБАСШЫҒА АЙНАЛДЫ. ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛҒАННАН БЕРІ МҰНАЙ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ 30 ЕСЕ ӨСІП, ТАРИХИ МЕЖЕГЕ – ҮШ МИЛЛИАРД БАРРЕЛЬГЕ ЖЕТТІ. «ТЕНІЗШЕВРОЙЛ» КОМПАНИЯСЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ МАШИНА ЖАСАУ, МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, КӨЛІК ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС СИЯҚТЫ САЛАЛАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН МЫҢДАҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ ДАМУЫНА ЖОЛ АШТЫ. БҰЛ ДЕГЕНІМІЗ – АЛЫҒАН САЛЫҚТАР МЕН ДИВИДЕНДТЕР, ҚАЗАҚСТАНДА ӨНДІРЕЛІН ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САТЫП АЛЫНУЫ. БҮГІНДЕ ЖОБА АЯСЫНДА 30 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТЫМЫЗ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН, АЛ ЖОБАНЫҢ БАРЛЫҚ ШЫҒЫНЫНЫҢ 32% АСТАМЫ ҚАЗАҚСТАНДА ӨНДІРЕЛІН ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҮЛЕСІНЕ ТИЕДІ».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.
2018 ЖЫЛ

Аса ірі «Тенішевройл» бірлескен кәсіпорны осылай құрылды. Кәсіпорындағы акциялардың 20 пайызы ұлттық «ҚазМұнайГаз» компаниясына тиесілі. Бірлескен кәсіпорынға мердігер ретінде тартылған отандық кәсіпорындар қатары барған сайын молайып келеді. Демек кенішті игеруден біздің еліміз де өз үлесін алып отыр. Мұны айтып отырған себебіміз, шетелдік инвестицияның

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА САЛЫНҒАН ҚАРЖЫ (1993 жылдан бері)

\$2,1 млрд



Жаңа білім ошағы

Тікелей қаржы төлеміне ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімі мен қызметін сатып алуға жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын тариф пен төлем, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивиденд, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮЛЕСІ

1993 жыл
50%

2021 жыл
92%


Басшылық
құрам 75%

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛЕС:

Тауар мен қызметке
жұмсалған қаржы



2020 – \$3,5 млрд
1993 жылдан бері
\$36,4 млрд



КТК жүйесі арқылы тасымал (млн/тонна)



Дін – діңгек

Діни экстремизмге қарсы күрес және лаңкестіктің алдын алу – бүкіл дүниежүзі бойынша кезек күттірмейтін мәселе. Бізде де теріс жолға түскен азаматтардың көзін ашып, дұрыс бағыт сілтеуге зор мән беріледі.

Еліміздегі бірегей ислами білім ордасы Нұр-Мұбарак университеті бұл салада өз әлеуетін барынша қолдануда. Мұнда Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл орталығы жұмыс істейді. Jas qazaq осы орталықтың директоры, белгілі дінтанушы Тимур Нүсіпханұлы еңгімеге тартты.



«ЖУСАНМЕН» ОРАЛДЫ

Jas qazaq: Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл орталығы терроризм және экстремизммен күресте қандай жұмыс атқаруда?

Т.Нүсіпханұлы: Біздің негізгі мақсатымыз — экстремизм мен терроризмге қарсы күрес саласындағы мамандарды қайта даярлап, біліктілігін арттыру, курстан өткізу. Орталық заман талабына сай маман даярлап, оған нақты бағыт ұсынады. Дін туралы мәселелерді зерттеу, оналту орталықтары, қоғамдық қор, үкіметтік емес ұйымдар секілді жекелеген осы салада жұмыс істейтін психолог, теолог, заңгерлердің, сондай-ақ ҚМДБ өкілдерінің біліктілігін арттырып, семинар, дөнгелек үстел ұйымдастырамыз. «Жусан» операциясы арқылы Сириядан оралған жандармен кездесіп, оналту шараларын жүзеге асырамыз.

Jas qazaq: Айдың-күннің аманында адасқандардың тағдыры сан қилы екенін білеміз. Олар елге келген бойда

деген сөзіне сеніп барған. Бара сала, оқ пен оттың ортасына түсіп, не болып жатқанын өзі де түсінбей қалған. Кейін жолдасы мерт болып, балаларымен әбден қиындық көріп, ақырында әрең дегенде елге оралды. Алғашқы күндері Айгүл де, балалары да ұшақтың дауысынан қатты қорқатын.

Бас сауғалап қорғануға дайын тұратын. Әбден жасқаншақ болып қалған. Психологтар, басқа да мамандар жәрдем берген соң ғана қорқынышы сейілді. Қазір аман-есен елге оралғандарына шүкіршілік етіп, «енді балалары үшін өмір сүремін» деп отыр. Міне, осындай жандар өте көп. Олар өткен өмірін есіне алғысы келмейді.

Jas qazaq: Өзіңізге белгілі, былтырдан бері пандемия көп жұмысқа кедергі келтірді. Сіздер бұл қиындықты қалай еңсердіңіздер? Қазір жұмыс барысы қалай өтіп жатыр?

Т.Нүсіпханұлы: Әрине, бұрынғыдай қарбалас тіршілік азайды. Дегенмен бүгінгі заманның дамыған технологиясы жұмысты тоқтатпауға мүмкіндік береді. Іс-шара онлайн түрде, ZOOM қосымшасы арқылы өтуде. Алдағы уақытта жағдай қалпына келсе, жүзбе-жүз кездесіп, сөйлескен жақсы ғой. Ал өзiрге түрлі конференциялар, қандай да бір түсіндіру жұмыстары, дөнгелек үстел, ақпараттық таныстырылым технологияның көмегімен онлайн түрде өтеді.

Jas qazaq: Жат ағыммен күрес бізде ғана емес, бүкіл әлемде жүріп жатыр. Осы күресте халықаралық тәжірибеге сүйенесіздер ме? Қай елдің күресу жолын қолданасыздар?

Т.Нүсіпханұлы: Бұл күресте халықаралық тәжірибе өте аз дер едім. Бізге бауырлас Түркияның өзінде Қазақстандағы секілді оналту орталықтары, жекелеген басқарма, зерттеу

орындары жоқтың қасы. Оларда заң аясында жұмыс істесе, бізде қоғамға бейімдеу мақсатында оналту жұмыстары жүргізіліп, жан-жақты көмек көрсетеді. Заңға бағынбай жатса ғана құқық қорғау органдары іске араласады. Менінше, еліміздегі сияқты құрылым көршілес Өзбекстан, Қырғызстан мен Ресейдің өзінде жоқ. Бірақ әр мемлекет өзінің ішкі саясатына қарай жекелеген жұмыс жүргізеді. Мысалы, Батыс Еуропа елдерінің, Ресейдің өз тәжірибесі бар. Терроризмді түп-тамырымен жойған мемлекет жоқ. Себебі ол — ғаламдық проблема. Ал үш жыл сайын бүкіл діндердің басын біріктіріп, ортақ тақырыпты талқылап, достыққа бастайтын шараны ұйымдастыру біздің елдің ғана қолынан келді.

Сириядан келген азаматтарын ешбір мемлекет қабылдаған жоқ. Тек бізде ғана кері қайтарып, Каспийдің жағалауынан ашылған сауықтыру орталығына жібереді. Олармен түрлі саладағы мамандар жұмыс істейді.



ең алдымен нені түсінді? Бір-екі мысал келтіре аласыз ба?

Т.Нүсіпханұлы: «Жусан» операциясы арқылы елге келгендердің көбі — әйел адамдар мен балалар. Сұхбаттасу барысында біз олардың соқыр сенімнің жетегінде кеткендігін байқадық. Бірақ кездесу құпия түрде өтетіндіктен, ешқайсысының да аты-жөнін айта алмаймыз. Мәселен, Айгүл (*есімі өзгертілген — ред.*) атты атыраудың келіншек үш баласымен елге оралды. Діни білімі жоқ. Жолдасының діни сеніміне еріп, «ол жақта керемет өмір сүреміз»

Балаларын мектепке орналастырып, әлеуметтік жағдайына көмектесіп те жатыр. Бұл да болса «өзінікін өзекке теппейтін» халқымыздың бір қасиеті шығар. Теріс ағымға түскендердің көбі — діни сауаты жоқ жандар. Ал қазір халық сауатты, дұрыс ақпаратты қайдан алу керектігін жақсы біледі. ҚМДБ да қол қусырып қарап отырған жоқ. Мағлұмат беретін кітаптар да, сайтта жарық көретін материалдар да аз емес.

Jas qazaq: Әнгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Мәулен ЖЕКСЕНБІ

Ақ халатты абзал жандар

Сынаққа толы бір жылды да артқа тастадық. Былтыр Наурыз мерекесі қарсаңында өлімізде төтенше жағдай жарияланған еді. Содан бері көрінбейтін жаумен күрестің алғы шебінде медицина қызметкерлері аянбай еңбек етіп келеді.

Шымкент қалалық денсаулық сақтау басқармасына қарасты медициналық мекемелерде ақ халатты абзал жандар індет көзінде және былайғы уақытта да науқастарды емдеп, ел алғысын арқалап жүр.

ҚАШАН ДА ӘБІГЕР ДӘРІГЕР!



ДӘЛ ҚАЗІР БОСАУҒА БОЛМАЙДЫ!

Гүлнәр Исабаева — жоғары санатты дәрігер, инфекция маманы. Білікті маман қаладағы «Асар» шағынауданындағы инфекциялық госпитальде қабылдау бөлімінің меңгерушісі. 28 жылдан бері денсаулық сақтау саласында еңбек етіп келеді. Алғаш еңбек жолын қаладағы жұқпалы аурулар ауруханасынан бастаған.

Қалада эпидемиологиялық жағдай өршіген тұста Гүлнәр Қарсыбайқызы инфекциялық госпитальде науқастарды тәулік бойы қабылдап, медициналық

жөк. Денсаулық сақтау министрлігінің, облыстық, қалалық денсаулық сақтау басқармасының, кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталған.

Бүгінде педиатр дәрігер талай жанның өміріне араша түсіп, ерлікке пара-пар қызмет атқарып жүр.

ПСИХОЛОГТЫҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Өрт сөндіруші мен құтқарушы мамандығы күш-қуат және психологиялық тұрғыдан үлкен дайындықты қажет етеді. Олар түрлі жаттығу жасау арқылы денесін шынықтырса, психолог-мамандар моральдық қолдау көрсетеді. Бүгінгі күннің батырларына күйзелісті, кобальуды, бойдағы үрейді жену үшін психологтың көмегі ауадай қажет.

Осындай жауапты қызметтің иесі, тәжірибелі маман — Аида Дүмшебаева. Ол Шымкент қаласы ТЖ департаменті Өрт сөндіру және апаттық-құтқару қызметінде желел-құтқару жасағының бас психологы болып 2011 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың қызметі барысында әр түрлі ауыр жағдайлар орын алып, күйзеліске түскен сәттегі эмоцияны женуде, сабырға келуіне көмектеседі.

«Осы саланы таңдағаным еш өкінбеймін. Мұндай күрделі мамандықтың иесін күйзелістен құтқару маған қуаныш

сыйлайды», — дейді маман.

Бұл саланың әрбір қызметкері Аида Лесбекқызына бар сырын ақтара алады. Маман аянбай еңбек етумен бірге, өзінің біліктілігін де шындап келген. Бұл бағытта Аида «Медицинадағы психологиялық реабилитация» шеберлік сыныбына, «Практикалық психология. ҚР ПМ ТЖК қызметкерлерін дайындау» курсына, «Практикалық психология. Динамикалық байқау тобының диагностикасы және оны түзету» семинарына және «Қысқа мерзімде шұғыл отбасылық кеңес» бағыты бойынша сабақтарға қатысып отырған.

Осындай біліктілігі жоғары маман барда әрбір өрт сөндіруші мен құтқарушы өзін психологиялық ауыр жағдайдан құтқарып алатынына сеніммен қарайды.

ҚАУІПТІ ІНДЕТЕН ҚҰТҚАРУШЫ

Шымкент қаласында індетпен күресте науқастардың өмірі үшін алдыңғы шепте күрескен дәрігерлер өте көп. Осындай батыр маманның бірі, білікті дәрігер, инфекционист — Шолпан Төлешова. Оның 25 жылдан бері денсаулық сақтау саласында абыройлы еңбек етіп келеді.

Ел ішінде індет тарала бастағаннан білікті маман инфекцияға шалдыққан науқастарды емдеу үшін Асар шағынауданындағы инфекциялық госпитальге жұмысын ауыстырды. Шолпан Мұхитқызы бұған дейін №2 қалалық емханада еңбек етіп келген.

Қазіргі таңда Ш.Төлешова инфекциялық орталықта коронавирустық инфекциясы бар пациенттерге сапалы медициналық

көмек көрсеткен. Тіпті ауруханада апталап түнеп, өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқарды.

Гүлнәр Қарсыбайқызы әлі күнге дейін коронавирус инфекциясына шалдыққан науқастарға медициналық көмек көрсетіп келеді. «Жағдай тұрақталғанымен, медицина маманына әлі босануға болмайды», — дейді.

«Індет өршіген тұста науқастардың бойында үрей мен қорқыныш болды. Біз оларға медициналық жәрдеммен қатар, психологиялық көмек те көрсеттік. Науқастарды емдеу үшін күні-түні бойы еңбек еттік», — дейді дәрігер.

Г.Исабаева инфекциялық ауруға шалдыққан науқастардың алғысына бөленген абзал жандардың бірі. Тынымсыз еңбегінің арқасында бірнеше мемлекеттік марапатты иеленген.

БАЛАЛАРДЫҢ БАС АМАНДЫҒЫНА ЖАУАПТЫ

Қаладағы №8 емханада қызмет ететін Елена Ханды білмейтін шымкенттіктер кемде-кем. Ол жылына 6000 балаға медициналық көмек көрсетеді. Ақ халатты абзал жан тұрғындарға да кеңес беруден жалықпайды. Елена дәрігердің 30 жылдан бері медицина саласында еселі еңбек етіп келе жатқан қызметі елеусіз қалған

көмек көрсетуді жалғастырып отыр. Осы күнге дейін дәрігер мыңдаған науқасты қауіпті індеттен емдеп шыққан.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы





Адам өткен заманды тез ұмытады. Қазіргі жастар кешегі өткен уақиғаларды айтсаң, аузын ашып тындайды. Оларға барлығы ертегі сияқты. Мысалы, КСРО кезінде, әсіресе, XX ғасырдың 90-жылдары дүкенде ет, сүт жетіспеді десен, сенбей қарайды. Кейбіреулерге Тәуелсіздік аспаннан түскендей болып көрінеді.

Ал қазіргі әңгіме қазақ жас ғалымдары құрған «Ақиқат» бейформалды қоғамы туралы.

Баршаға белгілі 1985 жылы коммунистік партия орталық комитетінің бас хатшысы болып М.Горбачев сайланды. Көпке созбай, ол кісі Қайта құру саясатын жариялады. Одан «жариялылық» деп тағы айтты. Сол саясаттың аркасында кең-байтақ кеңес елінде «саяси жылымық» қайталанды. Бірақ М.Горбачев бастаған реформалар Н.Хрущев дайындаған «жылымықтан» әлдеқайда терең еді. Содан болар, барлық елде бейформалды топтар, түрлі ұйымдар қалыптаса бастады.

Бірақ жалпы саяси қоғамдық топтар қалай дегенмен аз болатын. Оның себебі, сталиншілдік зардабын бастан өткізген,



«АҚИҚАТТЫҢ» ҚҰРЫЛУЫ МЕН ӨРЛЕУІ

тастай идеологиямен тұмшаланған халық М.Горбачев, Б.Ельцин бастаған жанаруға әлі де болса сенбей қарайтын. Көпшілік бірден күтуге болмайтын, не болмаса қорқу сезімінен арылмаған кез еді. Бірақ ел тағдырын ойлайтын отаншыл жас жігіттер өз ойларын ашық айтып, сананы оятуға тырысты. Қазақ елінің 1960-1970 жылдардағы диссиденті Махмет Құлмағамбетов болатын.

Сол кезде көптің көзіне түскен, осындай өткір ойлы қоғамдық ұйымдардың бірі — «Ақиқат» ұйымы болды.

Қайта құру кезінде қалқып шыққан ұйым басында көзге көрінбей, жасырын жұмыс істеген еді. Біз көп жылдар бойы халықтан жасырылған ақиқатты студенттерге, жұмысшы

баяғы «националист», «маскүнем», «нашақор» тағы басқа ұрандар. Мен ретін тауып «Сіз не айтып тұрсыз, ол айыптау ғой. Мәселе биліктен басталады!» — дегендей жазба жібердім. Басқа да жазбалар түсіп жатты. З.Қамалиденов жанағы сұрақ-қағаздарды жинап алып: «Вот где сидят националисты!» деп дүрсе қоя берді. Кейін біраз жігіттер маған ақырын келіп «байқасаңшы!» де айтып кетті. Солардың бірі — сыйлас ағамыз әрі әріптесім Қамбар Атабаев еді. Тамаша ғалым еді, әттен, арамздан ерте кетті.

Мен архивте көп жұмыс істеп жүрген кезім. Сталиндік зобаланды өз көзіммен көріп оқыған сайын шашын тік тұрады. Ол ақпараттарды жігіттерге айтып келем. Сол архивте жүріп

Мен дереу Дос пен Жасаралды тауып, осы әңгімені жеткіздім.

Сол бірлестікпен айналысып жүргенде Жасарал, Дос үшеумізді институт парткомына (*Жасарал екеуміз партия мүшесіміз*) шақырып, бізбен «қойындар, бүлдіресіндер» дегендей ұрыс әңгіме айтатын. Ал бізді жетелейтін мәселе — ел тағдыры, халыққа жасалған әділетсіздік.

Содан бір күні үшеумізді Алматы қалалық партия комитетінің идеология бойынша хатшысы Шәріп Омаровқа алып барды. Шәкен де баяғы: «Ал жігіттер қойындар, бірдеме шығып кетеді» дегендей әңгіме айтады. Байқағаным, оның жанында көп сөйлемейтін сұп-сұр екі адам отырды. Партия, комсомол қызметкерлеріне ұқсамайды. Кейін түсінгенім, сол «үш әріптен» болуы керек.

Марат Хасанаев ағамыз бізге көп көмек көрсетті. Аптасына екі-үш рет архивте кешке жиналамыз. Бізге ҚазГУ-дің тарих факультетінен Жанат Дүтбаев, Асқар Тұрғанбаев, журналистикадан Қайрат Сақ келіп тұратын.

Ал Жанболат Байжановпен кездескеннен кейін бізге көлеңкеден шығып ойымызды ашық айтуға мүмкіндік туды. Ол ойды Жасарал мен Дос Көшім костады. Одан кейін бізге математик Асқар Жұмаділлаев, зангер Зайлағи Кенжалиев, тарихшылар, Ғылым академиясынан Жапсарбай Қуанышев, ҚазМУ-дан Камал Бұрханов, ал жоғары оқу жүйесінен Әзімбай Ғали келіп қосылды.



Ол кезде жалғыз «Қазақстан» телеканалы болатын. Ол жактан «Ақиқат» телеклуб хабарын Нұртілеу Иманғалиұлы, Ләззат Сапакова, Яхиялар дайындайтын.

Сонымен «Ақиқатымыз» іске кірісті. Ол бір жағынан зерттеу жұмыстары, оның арасында аштық, Алаш тарихы бойынша мәліметті елге тарату, Балтық елі республикаларында болып жатқан жағдаймен таныстыру. Есімде қалғаны, шетелде шыққан

(*Ұлыбритания, Кембридж*) кітаптарды тауып, КСРО-да басылмаған «Қазақтар, орыстар туралы» деген жинақты тараттық. Алаш қайраткерлері туралы, шетелде тұратын қазақ диаспорасы туралы мәліметтер жинала бастады. Біз оларды Дос екеуміз «Лениншіл жас» тағы да басқа газет-журналдарға басып отырдық.

Ал телеканал арқылы «Ақиқат» шыққанда Жасарал Қуанышалин, Дос Көшім, Асқар Жұмаділлаев өзекті мәселелер бойынша өткір ойларымен бөлісетін.

Сонымен 1989 жыл да келді. Бір күні бізге хабарласып, орысша Мәскеуге шығу қажеттігін айтты. Естүімізше, ол жакта реформаторлар (*А.Н.Яковлев, Э.А.Шеварнадзе*) мен консерваторлар арасындағы күрес шиеленісе түскен. Қателеспесем, ол кезде Сағат Әшімбаевты ауыстырып, орнына Гәділбек Шаяхметов келген еді.

Баяғы құраммен — Асқар, Әзімбай, Дос, Жасарал болып орысша тікелей эфирден Мәскеуден шықтық. Айтатынымыз баяғы: республикаларға бостандық, көппартиялық жүйе орнату, депортацияға түскен халықтарды еліне қайтару (*түрік пен Қырым татарлары туралы*). Әрине, сосын еліміздің тілі, экономикалық дербестігі. Сол кездесулерде Хасен Қожахмет пен Аманжол Нәлібаевпен таныстым. Кейін бізге Алтынбек Сәрсенбаев пен Дархан Мынбай келіп қосылды.

Жұмыста, көшеде жүрсен, кейбір ағаларымыз: «Сендердікі кате, не бопсалап жүрсіндер?» деп ұрсады. Ал басқалары ақырын



жақындап, қолымызды қысып «Дұрыс!» деп өте шығады. Ал бізді көбінесе қостайтын студент жастар болатын. Ал кейбір ағаларымыз «Аналар әлі қайтып келеді, күйіп кетесіндер!» деп қорқытады.

1989 жылы Жанаөзендегі қақтығыс болғанда, Жазушылар одағына жиналып, кейін Жасарал, мен, Әзімбай Ғали бар-ау деймін, Мәскеуге, Орталық Комитетке телеграмма салдық. Поштада біздің паспорттымызды

сұрағаны есімде. Болмаса, телеграмма қабылданбайды екен. Кешке жиналып сол «Ақиқат» жұмысымен айналысамыз. Ойымыз бір, мақсат та бір еді жігіттерде. Қазақстан комсомолының Бүкілодақтық ұйымнан шығу Жарғысын дайындалдық. Ол Жарғыны Қазақстан комсомол съезі бекітті.

Кім біледі, егер Тәуелсіздік таны атпаса, біздің қайда болатынымыз?

Қазір сол жігіттер әр салада істейді. Жасарал депутат болып сайланып, саяси өмірге қызу араласып жүр. Дос әлі де демократияны дамыту үстінде. Зайлағи Кенжалиев заң ғылымының докторы, Әл Фараби атындағы Қазақ университетінде кафедра меңгерушісі қызметінде болды.

Асқар Жұмаділлаев, белгілі математик, академик болып сайланды. Әзімбай Ғали — белгілі публицист, баспасөзге шығып елді шулатып қояды. Жапсарбай мен Дархан Президент әкімшілігінде ұзақ жұмыс істеді. Дархан Мынбай кейін министр, депутат болды.

Барлығы елге танымал азаматтар. Осы мақаланы оқығаннан кейін, бәлкім, олар да естеліктерімен бөлісер деген ойдамын.

Бүркітбай АЯҒАН,

Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, профессор



Марат ХАСАНАЕВ

жастарға түсіндіріп, көздерін ашуға тырыстық. Ол кез КПСС жүйесі өте мықты, бар тізгін Мәскеудің қолында болғасын, жігіттер байқап сөйлейтін. КГБ да андумен қатты айналысатын. Ең қызығы, біз ол кезде Абай атындағы ҚазПИ-де үш жас жігіт — Жасарал Қуанышалин, Дос Көшім және мен — басымыз қосылып «демократия қажет», «елге егемендік», ал «қазақ тілі — мемлекеттік тіл» болсын деген оймен кездесіп тұратынбыз. Бізге физика факультетінен Камал деген жас ұстаз қосылды. Бірақ көпшілік сол «коммунистік» деп аталатын идеологияға сенуші еді.

Кезінде біз де насихатқа сеніп өстік қой. Бірақ қоғамдық мекеме мен комсомолда істеп, одан Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында ескіні көрген, олардан дәріс алған ұстаздар баршылық еді. Жеке әңгіме кезінде олардан біршама ақпарат алатынбыз. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов еңбектері, Мағжанның мөлдір шығармалары туралы сол азаматтардан еситінбіз.

Солардың арасында біздің кезіндегі деканымыз, тамаша ұстаз, профессор Қалыршат Шапағатұлы Шүлембаев болды.

Біз желтоқсанға қатысқанбыз, бірақ әйтеуір, ұсталмай кеттік. Жасарал мен Дос та уақиғаның нақты ортасында болған. Ал үкіметтің сол озбырлығына деген реніш жүрегімізде шермен болып қатып қалды. Сол желтоқсан уақиғасы өтер кезде институт ұжымымен кездесуге Закаш Камалиденов келді. Түрі катулы адам болатын. Айтқан сөздері де өте ауыр,



тамаша архивист-ғалым Марат Хасанаевпен таныстым. Өте терең, көркем, отаншыл азамат еді.

1988 жылы мен кезекті еңбек демалысымды алып еліме кеткен едім. Содан бір күні комсомолдың Орталық комитетінде істейтін досым Алмат Мурзинмен хабарластым. Алмат бірден: «Қайда жүрсің? Біз сені іздеп жүрміз», — деді. «Не болды?» деймін, «Алматыға тез кел! Бізде жаксы ойлар бар» деді. Бір аптадан кейін Алматыға келдім. Ол мені бірден бөлім менгерушісі Жанболат Байжановқа алып кірді. Жанболат өте әдепті, ақылды жігіт болатын. Өзі актөбелік. Ол асықпай отырып: «Бүке! Осы жастардан БАҚ, телеканалға шығатын қоғамдық бірлестік құрмайсындар ма? Талантты жастарды жинап жіберсең!» деген ой айтты.



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

AINA



МҮҚІС МҮЙІС



Жұма күні таңертең «Қазақстанда жасалған» деген жазуы бар көлікпен қала орталығына қарай келе жатқан едім. Төле би көшесінің бойындағы «Тастақ» деген жазуы бар үлкен сары үйдің қабырғасында «Наурыз күшті болсын» деген жазуға көзім түсті. Биылғы Наурыз мерекесі жақындаған сайын ауа райы бұзылып, күн суытып кеткен. Көлікке жайғасқаннан кейін бойым жылынып, қала көшелеріндегі адамдарға қарап отырғанмын. Наурыз деген сөзді оқығанда көңілім көтеріліп-ақ қалып еді. Соңынан «Наурыз күшті болсын» дегенді көргенде «мұнысы несі» деген ойға қалдым. Шамасы, бұл билбордтағы «Круто с Наурызом» дегеннің аудармасы.

Енді өткенге біраз шегініс жасап, сонау өткен ғасырдың 90-жылдарына оралып

«БОРЖОМИЛАТҚАН» НАУРЫЗ КҮШТІ МЕ?

көрейікші. Сол кезде қала көшелерінде «Кош келдің Наурыз!», «Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын» деген сияқты қанатты сөздерден көз сүрінер еді. Оны көрген адамдардың да көңілі көтеріліп, келешекке деген сенімі мен қызығушылығы артып, бір серпіліп қалушы еді. Енді, міне, арада жылдар өткенде осы бүкіл шығыс халықтарының ұлық мерекесі түрлене дамып, қанатын кең жая ма десек, жыл өткен сайын тынысы тарылып бара жатқаны еріксіз ойлантты. Бұл жерде Наурыз мерекесін тойлау дегенде орынсыз шашылу, келенсіз ойын-сауық құру дегенді білдірмесе керек. Керісінше, алты ай қыстан

аман өткен қарапайым халық мұсылманша жана жылдың келгеніне қуанып, күн мен түннің теңелгеніне куә болмай ма? Ежелден келе жатқан ұлттық өнер ұлықталып, салт-дәстүр түрлене жаңаланып, бүгінгі жас ұрпаққа дәріптеліп көрсетілмеуші ме еді? Дәл осы Наурыз мерекесі кезінде қазақтың ұлттық тағамдары түрленіп, кең жайылған дастарханнан өз орнын табар еді. Береке-бірлік, сыйластық пен жарасымдылық осындайда көрінуші еді-ау. Бұл біздің ұлттық салт-дәстүріміздің жарасымдылығын көрсететін жақсы күндердің бірі емес пе!

Қантар айының басында келетін бір-ақ күндік жана жыл мерекесі қарсаңында жұрттың әбiгерге түсетiнi белгiлi. Дастархан шығыны, оған қоса, жекелеген адамдардың бiрiне-бiрi жасар сый-сияпаты, от шашуға кететiн шығын бiраз адамның қалтасын қағайды. Кейбiр деректерге сенсек, Қазақстан



міне, осы емес пе. Бірақ ел басына төнген нәубеттей болған атың өшкір коронавирус қарапайым халықтың еңсесін басып тұрғанда, оны да ескермеуге болмайды. Әзірге халық көшеге шығып, думандатып тойламаса да, рухын көтеретін жігерлі сөз керек-ақ.

Бұл жерде біздің көңілімізге келгені қала көшелеріндегі өрескел көрінген сауатсыз жазылған жарнамалардың бірі. Мәселен, «Пепсидін наурызғы боржомилатып» дегенін қалай түсінуге болады? Әдеттегідей, орысшадан сөзбе-сөз аударма салған. Одан гөрі бала күнімізден дәміні татып келе жатқан лимонадтың «Нағыз Наурыз» деген жарнамасы көңілге қонатын сияқты.

Сөз соңында барша Қазақ елін, Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесімен құттықтағым келеді. Ұлыс оң болып, ақ мол болсын! Ақсақ аударма жоқ болсын!

Төлеухан БІДІРӘЛІ,
Алматы қаласы



Қала көркі - ағаш



Алматы Наурыз мерекесін тал егуден бастады. Табиғат жанашырлары мен қала тұрғындары, журналистер мен еріктілер Алаатау ауданындағы «Қарағайлы орман» аумағында жиналып, ағаш отырғызды.



«Қарағайлы орман» эко-паркін дамыту жобасын ECO FUND Tabigat қоғалдандыру қауымдастығы қолға алған болатын. Бүгінде «Қарағайлы орманда» 3500-нан астам ағаш өсіп тұр. Бұрындары қокыс полигоны болған осы жерде келешекте ну орман жайқалып өседі деген үміт бар. Қазірдің өзінде «Қарағайлы орман» 197 тонна көмірқышқыл газын сіңіріп, 120 тонна шаңды ұстап тұрады. Оттегімен байытатыны өз алдына.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



СӘБИДІН
НАУРЫЗ

Ұлыстың ұлы күні түркістандықтар Қазақстан рекордтар кітабына енді. Жергілікті жұрт алып Тайқазанға 2 тонна Наурыз көже әзірлеп, тұрғындарға таратты. Мамандар бұрын-соңды мұндай аста-төк көже дайындамағанын айтып жатыр. Ұлық мерекеде Түркістанға Отырардан шыққан көш-керуен де келіп жетті.

Түркістан облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының директоры Сәбит Әбдіхалықтың айтуынша, керуенде колөнер шеберлері, өнерпаздар, оның ішінде домбыра, ер-тоқым жасайтын, құрақ көрпе тігетін шеберлер өздерінің сый-сияпатын Түркістанға алып келген. Керуенде 70-ке жуық қонақ болыпты. Өнерпаздардың өзі отыз шақты адам.

Биыл мерейтойы атап өтіліп жатқан ғұлама ғалым Әл Фараби, күш атасы Қажымұқан, ән патшасы Шәмші Қалдаяқов, белгілі этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков сияқты біртуар

Түркістанда таудай ет, көлдей көже



азаматтардың бейнесі сахналық қойылым арқылы жұртшылық назарына ұсынылды. Сән-салтанаты жарасқан көш-керуен мерекелік көңіл күйді одан сайын көтерді. Ұлттық киім киген

өнерпаз қыз-жігіттер наурыздың ажарын аша түсті. Қазақша күрес, арқан тартыс, қошқар көтеру, асық ату және басқа да ұлттық ойындар мереке салтанатына сән бере түскен.

Наурыздың ең басты жаңалығы — түркістандықтардың Қазақстан рекордтар кітабына енуі. Аспаздар алып Тайқазанға 2 тонна наурыз көже пісіріп, елді таң-тамаша қалдырды. Қазақстан рекордтар кітабының ресми өкілі Бақытжан Тастөлепов: «Түркістан өңірінде елімізде бірінші рет 2 тонна Наурыз көже пісіріп, елге таратып жатыр. Бұл бізде бұрын-соңды болмаған рекорд болып есептеледі. Сондықтан Қазақстан рекордтар кітабына тіркеледі. Үш жыл бұрын Алматыда рекорд жасап, ресми түрде шақырып тіркеткен. Ол кезде 350 келі Наурыз көже таратқан», — деді. Ал бұл жолғы көже одан да асып түсті.

Бақытжан АМАНБӨЛҚЫЗЫ

БАСПАСӨЗ – 2021



JAS QAZAQ
jasqazaq.kz

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Жазылу еліміздің кез келген
«Қазпошта» бөлімшелері
арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Қуаныш РАХМЕТ — эжастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2252;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ай-Астана» әуесқолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.